

"Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 16 наурыздағы N 217 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 03 сәуірдегі N 3832 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 09 наурыздағы № 92 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы әкімдігінің 09.03.2016 № 92 қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-бабына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығына сәйкес Ұлан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже бекітілсін.

2. Ұлан ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 295 "Ұлан ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Құрылымын, Ережесін бекіту туралы" қаулысының күші жойылсын.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р. Мамырбаеваға жүктелсін.

*Ұлан ауданы әкімінің
міндетін атқарушы*

Д. Батырбаев

Ұлан ауданы әкімдігінің
2015 жылғы "16" наурыздағы
№ 217 қаулысымен бекітілген

**"Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі"
мемлекеттік мекемесі туралы Ереже**

1. Жалпы ережелер

1. "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі мектепке дейінгі тәрбиелеу, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру, дене шынықтыру және спорт саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланктері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарда шоттары болады.

4. "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі білім, дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамамен, сондай-ақ осы Ережемен белгіленген құзірет шегінде мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сай аудан әкімдігімен бекітіледі.

8. "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, Қасым Қайсенов кенті, Абай алаңы, 5, индекс 071600.

9. Мемлекеттік органның толық атауы - "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

10. Мемлекет Ұлан ауданының жергілікті атқарушы органы тұлғасында "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы болып табылады.

11. Осы Ереже "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

2. "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: білім, дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын іске асыру.

15. "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің міндеттері:

1) аудан аумағында ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту;

3) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

4) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу

қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту;

6) дене шынықтырумен және спортпен айналысатын адамдардың, сондай-ақ дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шаралардың қатысушылары мен көрермендерінің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу орындарында қоғамдық тәртіпті сақтау

;

7) аудан аумағында бұқаралық спорт және ұлттық спорт түрлерінің дамуын қамтамасыз ету;

8) бұқаралық, ұлттық спорт түрлерінен, мүгедектер спортынан аудан құрама командаларының дайындығын және олардың облыстық және республикалық спорт жарыстарына қатысуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

9) Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының тестілерін орындау жөніндегі жұмысқа басшылық жасау және бақылау;

10) спорт инфрақұрылымын дамыту қызметін үйлестіру.

11) ұлттық, техникалық және қолданбалы спорт түрлерін дамыту;

12) дене шынықтыру мен спортты қолдау және ынталандыру;

13) дене шынықтыру және спорт саласын зерттеу үшін ғылыми базаны дамыту;

14) әлеуметтік және білім беру функцияларын, сондай-ақ ерікті қызмет қағидатына негізделген олардың құрылымының ерекшелігін ескере отырып, спорттың барлық түрлерін дамытуға жәрдемдесу.

16. "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары:

1) Ұлан ауданының аумағында интернат үлгісіндегі ұйымдар арқылы ұсынылатын жалпы орта білім беруді қоса алғанда, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруді қамтамасыз ету;

2) білім алушылардың ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуын ұйымдастыру;

3) мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларды есепке алуды, оларды орта білім алғанға дейін оқытуды ұйымдастыру;

4) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін жүзеге асыру;

5) мектепалды даярлықтың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алуды және жеткізуді ұйымдастыру;

6) балаларға қосымша білім беруді қамтамасыз ету;

7) аудан ауқымында жалпы білім беретін пәндер бойынша мектеп олимпиадаларын және ғылыми жобалар конкурстарын ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз ету;

8) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен білім

алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұйымдастыру;

10) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарына және отбасыларына қажетті әдістемелік және консультациялық көмек көрсету;

11) білім беру мониторингін жүзеге асыру;

12) негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырыс беруін және солармен қамтамасыз етілуін ұйымдастыру және олардың пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыру;

13) мемлекеттік білім беру ұйымдарының кадрмен қамтамасыз етілуін жүзеге асыру;

14) білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің әдістемелік басшылығын қамтамасыз ету;

15) негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру;

16) аудан аумағында дене шынықтыру және спортты дамыту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

17) жеке адамдардың тұрғылықты жері бойынша және олардың көпшілік демалу орындарында спортпен шұғылдануы үшін инфрақұрылымды жасау бойынша шаралар қабылдау;

18) аккредиттелген жергілікті спорт федерацияларымен бірлесіп, спорт түрлері бойынша аудандық спорттық жарыстарды өткізу;

19) спорт түрлері бойынша аудандық құрама командаларды даярлауды және олардың облыстық спорттық жарыстарға қатысуын қамтамасыз ету;

20) аудан аумағында бұқаралық спортты және ұлттық спорт түрлерін дамытуды қамтамасыз ету;

21) аудан аумағында аудандық дене шынықтыру-спорт ұйымдарының қызметін үйлестіру;

22) спортшыларға: 2-разрядты спортшы, 3-разрядты спортшы, 1-жасөспірімдік-разрядты спортшы, 2-жасөспірімдік-разрядты спортшы, 3-жасөспірімдік-разрядты спортшы спорттық разрядтарын беру;

23) мынадай: біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, спорт төрешісі біліктілік санаттарын беру;

24) спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай өңірлік күнтізбесін іске асыру;

25) аудан аумағында спорттық іс-шараларды ұйымдастыруды және өткізуді үйлестіру;

26) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысанда және мерзімдерде облыстың жергілікті атқарушы органына ұсыну үшін аудан аумағында дене шынықтыру мен спортты дамыту жөніндегі ақпаратты жинауды, талдауды жүзеге асыру;

27) аккредиттелген өңірлік және жергілікті спорт федерацияларының ұсыныстары бойынша спорт түрлері бойынша ауданның құрама командаларының тізімдерін қалыптастыру және бекіту;

28) ресми дене шынықтыру және спорт іс-шараларын медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

29) дене шынықтыру және спорт іс-шараларын өткізу кезінде қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

30) аудан аумағында спорт ғимараттарын салу мәселелерін үйлестіру және олардың халыққа қолжетімді болуын қамтамасыз ету;

31) спорт ұйымдарына әдістемелік және консультациялық көмек көрсету;

32) аудандық мамандандырылмаған балалар-жасөспірімдер спорттық мектептерінің қызметін қамтамасыз ету;

33) дене шынықтыру мен спортты насихаттауды жүргізу, денсаулықтарын сақтау және нығайту, аурулардың алдын алу, жұмысқа қабілеттілік пен белсенді ұзақ өмір сүрудің жоғары деңгейіне, сондай-ақ ізгілік мұраттары мен спорт құндылықтарына қол жеткізу үшін дене шынықтыру компоненттерін практикалық пайдалануда халықтың білім деңгейін арттыру;

34) мүгедектерге дене шынықтырумен және спортпен шұғылдану үшін спорт ғимараттарына баруға жағдай жасау, арнайы спорттық мұқаммалды беруді қамтамасыз ету;

35) мекеменің құзыреті шегінде аудан әкімі және әкімдігінің нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын дайындау;

36) барлық мекемелерде құзыреті шегінде мәселелерді қарауда мемлекеттің мүдделерін ұсыну;

37) жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру;

17. "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құқықтары мен міндеттері:

1) "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі құзыретіне кіретін мәселелер бойынша аудан басшыларына қарауға ұсыныс енгізу;

2) Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген құзыреті шеңберінде "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік

мекемесі қызметіне қатысты мәселелерді қарау және бірлесіп атқару үшін ауданның өзге жергілікті атқарушы органдары бөлімдерінің қызметкерлерін қатыстыру;

3) "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі құзыретіне кіретін мәселелер бойынша белгіленген тәртіппен кеңес өткізуге бастамашылық ету;

4) өз функцияларын орындау үшін өзге мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан, ұйымдардан және олардың басшыларынан, азаматтардан Қазақстан Республикасының заңнамаларымен белгіленген құзырет шегінде қажетті ақпаратты сұрау;

5) "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңес беру;

6) жеке және заңды тұлғалардың ресми сұранымы болған жағдайда өз құзыреті шегінде және заңнама шеңберінде қажетті материалдар мен ақпаратты ұсыну;

7) "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі құзыретіне кіретін өзге де міндеттерді орындау.

3. "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметін ұйымдастыру

18. "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Ұлан ауданының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

21. "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) дара басшылық ұстанымымен әрекет етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Ережемен анықталған өз құзіретіне сәйкес мекеме қызметінің мәселелерін өз бетімен шешеді;

2) белгіленген тәртіппен атқарушы органдардан мекеменің құзіретіне кіретін

мәселелерді шешу үшін қажет материалдарды сұратады және алады;

3) мекеменің құзіретіне кіретін мәселелер бойынша мүдделі ұйымдардың өкілдерін тартумен бекітілген тәртіпте кеңестерді шақырады;

4) мекеме қызметкерлерінің өкілеттігін анықтайды;

5) мекеменің атынан сенімхатсыз іс-әрекет жасайды, барлық ұйымдарда оның мүдделерін ұсынады;

6) шарттар жасасады;

7) сенімхаттар береді;

8) сапарлар, сынақтаманы, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін жоғарлатудың басқа да түрлері бойынша мекеменің тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

9) банк есепшоттарын ашады;

10) мекеменің барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

11) мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан шығарады;

12) мекеме қызметкерлеріне мадақтау шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады;

13) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қажетті шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауаптылықта болады;

14) заңнамамен көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4. "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі

22. "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында жекеше мүлкі болуы мүмкін.

"Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып

алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату

25. "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

6. "Ұлан ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің, кәсіпорындардың тізбесі

- 1) "Абай атындағы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 2) "Асубұлақ орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 3) "Азовое орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 4) "Ақжолов атындағы негізгі мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 5) "І. Айттықов атындағы орта мектеп–балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 6) "Ақтөбе негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 7) "Қазанның 17 жылы атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 9) "Амангелді атындағы негізгі мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 10) "Кәкен Аханов атындағы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 11) "Ш. Башиков атындағы негізгі мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 12) Базылбек Ахметов атындағы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 13) "Бозанбай орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 14) "Оралхан Бөкеев атындағы негізгі мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 15) "Гагарино орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 16) "Герасимовка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 17) "М. Горький атындағы негізгі мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 18) "Қ. Қайсенов атындағы негізгі мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

- 19) "Каменка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 20) "Қанай орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 21) "М. Ломоносов атындағы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 22) "Н. Лут атындағы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 23) "Р. Мәрсеков атындағы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 24) "Привольное орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 25) "Пролетарка негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 26) "А. С. Пушкин атындағы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 27) "С. Аманжолов атындағы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 28) "Сейфуллин атындағы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 29) "Таврия орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 30) "М. Таенов атындағы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 31) "Тройницкое негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 32) "Украинка орта мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 33) "Гагарин атындағы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 34) "Т. Тохтаров атындағы мектеп-балабақша" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 35) "Балалар музыка мектебі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;
- 36) ""Айжұлдыз" балабақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;
- 37) ""Айгөлек" балабақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;
- 38) ""Колосок" балабақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.